

**Қосылған құнға 10 процент ставка бойынша салық салынатын бірінші кезекте қажет өнімдердің тізбесі туралы**

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 30 маусым N 558. Құші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.08.02. N 1069 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қосылған құнға салық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы N 1457 Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қосылған құнға 10 процент ставка бойынша салық салынатын бірінші кезекте қажет өнімдердің қосымшаға сәйкес тізбесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Агроенеркәсіп кешенінің ұқсатушы кәсіпорындарына қосылған құнға салынатын салықтың сомасын өтеу туралы" 1992 жылғы 12 қаңтардағы N 26 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ, 1992 ж., N 1, 22-бап);

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1992 жылғы 28 қаңтардағы N 1 6 екімі;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Агроенеркәсіп кешенінің ұқсатушы кәсіпорындарына қосылған құнға салық сомасының өтемін жасау туралы" 1992 жылғы 12 қаңтардағы N 26 қаулысының қолданылу мерзімін ұзарту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 31 наурыздағы N 289 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж., N 1 3 , 2 1 7 - бап);

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Халықтың табысы аз топтарына мемлекеттік қолдау жасау жөніндегі шарапалар туралы" 1992 жылғы 8 шілдедегі N 584 қаулысының 4 тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж., N 28, 416 - бап);

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Нанның,

нан-тоқаш өнімдерінің, тарының және жарма ұнтағының бағасы туралы" 1992 жылғы 16 қыркүйектегі N 767 қаулысының 5 тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж., N 35, 543-бап);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы

12 қантардағы N 26 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 29 желтоқсандағы N 1095 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж., N 50, 723-бап).

3. Осы қаулы 1993 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 30 маусымдағы

N 558 қаулысына

қосымша

Қосылған құнға 10 процент ставка бойынша

салық салынатын бірінші кезекте қажет

өнімдердің

Тізбесі

Сүт және сүт өнімдері:

мал майы

сиыр сүті, қаймағы алынбаған сүт, қаймағы алынбаған құрғақ  
сиыр сүті

пастерленген кілегей

балаларға арналған сұйық және қоймалжың сүт тағамдары  
сұзбе, сұзбе өнімдері

қаймақ

қышқыл сүт өнімдері

жеміс-жидек, хош иісті және сүт емес компоненттер қосылған  
сүт өнімдері

қымыз, шұбат, құрт, ақ құрт, ірімшік

сірне

балқытылған ірімшік

майлышыры 20-30 процентті мәйек ірімшігі

жұмсақ және тұзды майлы және майсыз ірімшіктер, ірімшік  
пасталары

сүт іркітінен жасалған өнімдер

Ет және ет өнімдері (құс етін қоса), ет консервілері

Балық және балық өнімдері (женсік тағамдар мен мұхит  
өнімдерінен басқа)

Жас картоп

Жас көкөністер

Жас жұмыртқа

Өсімдік майы

Ассортименттегі маргарин өнімдері, оның ішінде аспаздық май

Майонез

Қант

Шай

Нан және нан-тоқаш өнімдері

Халықта пісрілген нан орнына сатылатын ұнның барлық сорттары

Ақжарма

Тары

Макарон өнімдері

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК